

Облыстың жер қорынан Ақсу қаласы әкімінің иелігіне өзен аңғары телімдерін беру туралы

Павлодар облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 4 қыркүйектегі N 202 Павлодар облысының әділет басқармасында 2000 жылғы 28 қыркүйекте N 442 тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Жер туралы" U952717_ Жарлығының 12-бабына сәйкес және қордағы жерлерді неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Ақсу қаласы әкімшілігі шекараларында орналасқан облыстың жер қорынан жалпы аумағы 2918 га жайылымдық шабындық телімдер қосымшаға сәйкес бір жыл мерзімге Ақсу қаласының әкімінің иелігіне берілсін.

2. Егер тиісті мерзім ішінде атқарушы орган басқадай нормативтік құқықтық кесім қабылдмаса, осы шешім қабылданған уақыттан бастап бір жыл өткеннен кейін Ақсу қаласының әкімі осы шешімнің 1-тармағына сәйкес оның қарамағына берілген өзен аңғары телімдеріне жыл сайын иелік жасауға құқылы.

3. Облыс бойынша жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (келісім бойынша) жер-есеп құжаттамасына қажетті өзгерістер енгізісін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.И. Кошевойға жүктелсін.

5. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің 2000 жылғы

4 қыркүйектегі N 202
шешіміне қосымша

шабындықтың аумақтары

№N p/c	Берілетін өзен аңғары телімдерінің тұрған жері аумағы (га)	Шабындық
1.	Алғабас селолық округі	244
2.	Еңбек селолық округі	800
3.	Қазалы селолық округі	574
4.	Құркөл селолық округі	450
5.	Қызылжар селолық округі	350
6.	Сарышығанақ селолық округі	500
Жиыны:		2918